



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 12/708
26 марта 2021 года

Вестник



ӘЗ-НАУРЫЗ – ЖАҢАРУ МЕН ЖАҢҒЫРУДЫҢ БАСТАУЫ



Тарихи тамыры тереңде жатқан Наурыз – көктем мен жаңғыру күні. Кешірім мен мейірімнің, үміт пен сенімнің мерекесі. Халқымыздың берекесі мен бірлігінің, ынтымақты тірлігінің, өсиеті мен өнегесінің өшпес белгісі. Қаңға сіңген қасиетті дәстүріміз.

Самарқанның көк тасы жібигін осынау қасиетті күні адамдар бір-біріне деген өкпеніштерін кешіріп, тек қана жылдылыққа толы тілектер айтады. Игі дәстүрмен қайырымдылық көмек көрсетеді. Ақ жаулықты аналарымыз қазан көтеріп, наурыз көжесін пісіреді. Дастарханын жайып, дархан пейілмен дәм береді. Ер – азаматтар ауыл маңайындағы бұлақтардың көзін ашып, ағаш отырғызады. Сөйтіп, желкілдеп өсіп келе жатқан ұл-қызына, ұрпағына ынтымақ пен бірліктің, еңбектің мәнін түсіндіріп, санасына сіңіреді. Әрине, осынау әрбір игі істің, ата дәстүрдің астарында ғасырлар бойы сабақтастығын үзбей жеткен ұлы даланың даналығы, халқымыздың өшпес өсиеті жатыр. Міне, осылай ұлтымыздың мерейін өсіріп, бар болмысымызды айшық-тайтын қасиетті – Наурыз мерекесі еліміз-дің барлық өңірлерінде салтанатты түрде аталып өтіледі.

Ұлыстың Ұлы күні Наурыз мейрамын мерекелеу қарсаңында Приозерск қаласында салтанатты іс-шаралар болып өтті. Ең алдымен 14-20 наурыз аралығында қаламызда мерекеге дайындық ретінде қаланы санитарлық тазалау жұмыстары жүргізілді, қала көшелерін мерекеге дайындау барысында мекеме маңдайшаларына лозунгтер ілінді, мерекелік ұранмен 2 баннер ілінді. Наурыз мерекесінің оту барысын ақпараттық қамтамасыз етудің медиа-жоспары әзірленіп, жоспарға сай жұмыстар жүргізілді. Жергілікті «Приозерский Вестник» газеті бетінде арнайы айдар ашылып, мереке жайлы ақпараттар жарияланды.

Қазақстан әз Наурыз мерекесін үкімет бекіткен тұжырымдамаға сәйкес, 10 күн тойлауға ниетті. Жобанда Наурыз мейрамын тойлауға байланысты іс-шараларды 10-24 наурыз аралығында 10 күн бойына өткізу жоспарланғаны көрсетілген. Тұжырымдаманы іске асырудың тетіктері келесідей болады: 14 наурыз – «Көрісу күні»; 15 наурыз – «Жайлау күні»; 16 наурыз – «Шежіре күні»; 17 наурыз – «Тарихқа тағзым күні»; 18 наурыз – «Игі істер күні»; 19 наурыз – «Шымырлық пен шеберлік күні»; 20 наурыз – «Зияткерлік күні»; 21 наурыз – «Ұлттық тағамдар күні»; 22 наурыз – «Ұлыстың ұлы күні»; 23 наурыз – «Жоралғы күні». Мақсаты: Отбасыны және қоғамды ұйыстыратын құндылықтар нығайды, экологиялық мәдениетті қалыптастыру, аумақты абаттандыру бойынша жұмыстарды ұйымдастыру деңгейі артады, қайырымдылық пен менсінаттықтың мәдениеті қалыптасады. Жаппай санада оларды нығайтуға бағытталған іс-шаралар өткізіледі, ұлттық бірегейлікті нығайту, қазақ халқының ұлттық дәстүрлерін көрсету бойынша бұқаралық іс-шаралар өткізіледі. Қазақстан халқының бірлігі мен келісімі күшейтіледі, жалпы қазақстандық құндылықтар, эволюциялық даму мәдениеті қалыптасады және нығайды.

Приозерск қаласында елімізде орын алған эпидемиологиялық жағдайларға байланысты тақырыпқа сай іс-шаралардың барлығы онлайн түрде ұйымдастырылды. Атап айтатын болсақ, 14 наурыз «Көрісу күнінде» ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен 1 бейнеролик жарияланды. Сонымен қатар, қалалық кітапхананың 1 бейнеролигі және құттықтау посты жарияланды. №1 жалпы орта білім беретін мектептің ұстаздар қауымының құттықтау бейне-ролигі жарияланды. 15 наурыз күні Наурыз мейрамының «Жайлау күні» тойлау бойынша іс-шаралар жоспары аясында Приозерск қаласының №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Семей ядролық полигоны» тақырыбында сынып сағаты өтті. 16 наурыз «Шежіре күнінде» «Үздік бағағой» челленджі ұйымдастырылып, қала халқы белсенді түрде атсалысты. 17 наурыз «Тарихқа тағзым күні» қаладағы білім ордаларында тақырыптық сынып сағаттары, кітап көрмелері, бағдарламалар мен ертегіліктер ұйымдастырылды. 18 наурыз күні Наурыз мейрамының «Игі істер күніне» орай «Адамгершілік - асыл қасиет» атты бейнеролик орналастырылды. Приозерск қаласының жастар ресурстық орталығы «Қайырымды істер марафоны» жалпыұлттаралық жобасы аясында, «Ардағым-Ардагерім» акциясын өткізді. Волонтерлер қаламыздың мүмкіндігі шектеулі, көмекке мұқтаж зейнеткерге қолдау көрсетіп тегін азық-түлік табыстады. 19 наурыз «Шымырлық пен шеберлік күні» қарсаңында жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен асық ойнау жарысы өтті. Сонымен қатар, №2 жалпы орта білім беретін мектебінде «Шынықсаң – шымыр боласың» тақырыбында «Асық ату» және «Тоғыз құмалақ» ойындарынан онлайн форматта біріншілік өтті. Қалалық кітапхананың балалар бөлімінде «Наурыз – көктем мерекесі» атты сурет көрмесі қойылды. «Балақай» бөбекжайымен «Қазақстың ешекей бұйымдары» атты іс-шара ұйымдастырылды. Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің ұйымдастыруымен қалалық «Алтын оймақ» құрақ құрау байқауы онлайн түрде өтті. 20 наурыз «Зияткерлік күніне» орай қалалық кітапхананың балалар бөлімінде «Армысың, әз Наурыз!» атты танымдық ойын өтті. Сонымен қатар, қала тұрғындары арасында Наурыз мейрамы турасында сұрақ-жауап айдары ұйымдастырылды. «№1 жалпы білім беретін мектебі» КММ-де жоғары сынып оқушылары арасында «Қазақстанның жаһандық бастамалары», «Халықаралық қауіпсіздікке қосқан үлесі» тақырыбында дебат өткізілді.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» ММ

ҚҰДА ТҮСУ САЛТЫМЫЗ ҚАЙДА КЕТТІ?

Салт-дәстүр

Ғасырлар бойына қалыптасып, атабадан жалғасып келген қазақи салт-дәстүрлер ұлттың ұлшылығын білдіретін, жарасымды да үлкен маңызға ие құндылықтарымыз болып саналады. Оны уақыт өте бұрмалау – сәйгүлік атты жүрісінен жаңылдырғанмен тең. Осынау құндылықтарымыздың заманға лайықтайтыны бар да, мүлде өзгертуге болмайтыны бар. Соның бірі – құда түсу дәстүрі. Қазағмыздың ежелден келе жатқан салтының бірі – құда түсу салты. Соңғы кездері осы құда түсуіміз де сырға салу дегеннің көлеңкесінде қалып бара жатыр десек артық болмас. Неге десеңіз, қазір құда түсеміз деп емес, сырға салуға бара жатырмыз дейтіндер көбейді. Тіпті құда түсу деген сөздің өзі айтылудан қалып барады. Бұрындары құда түсеміз, қыз айттырайын деп жатырмыз демеуші ме еді, халқымыз. Сырға салу деген жалпыға бірдей міндетті де емес. Ертеде де сырғаны бай, ауқатты адамдар салатын болған. Бірақ оның бәрі құда түсіп, құданың ырзашылығын алғаннан кейінгі әңгіме. Ең бастысы – құда түсу, сырға салу емес. Қазір сол сырға саламыз деп 15-20 адам, кейде тіпті 35-40 адам болып шұбырып баратын болып жүрміз құданың үйіне. Құда мал сойды екен деп анаған да, мынаған да жүр деп тайлы-тауғымызбен бәріміз қалмай бару, әлі құда болып, бата жасасаңа үйге тіпті ұят нәрсе, шындығында. Осындайда ұят болады, әдептен озбайық деп ақыл айтып отыратын үлкендеріміз, ақсақалдарымыз қайда? Өткенде бір сырға саламыз деп көп адам барып, ауылдың адамдары кірейін десе отыратын орын қалмапты. Сонда бір үлкен кісі: «Сірә ауылдарында адам қалды ма?» - деген екен кейісін жасыра алмай. Құдалар жағы күлді дейді сасқандарынан. Маскара, түсінген

адамға құда болмай жатып, бұндай сөз есту күлкі емес күмірә емес пе? Қой ағайындар, өйтіп қадірімізді кетірмейік, ойланайық, құда түсуге алғаш барғанда азғантай ғана адаммен барайық. Сосын той өткесін құдалыққа барғанда тек қана жақын-жуығыңды, тумаластарыңды ертіп баруға болады. Сондықтан құда түсіп барғанда баса-көктемей, әдеппен, барынша сыпайылық



танытқан дұрыс. Сыйластық осыдан басталады. Қыз алатын жақ барынша сабырлы, ұстамды болуы керек. Бұрындары құда түскенде келін алайын деп жатқан адамның тумаластары, ағалары бас-аяғы үш-төрт адам барып, қыздың ата-анасының алдынан өтетін еді. Онда да құда түсуге тек ер адамдар ғана баратын. Қазіргідей жаулықтары желпілдеп әйелдер жүрмейтін. Ол уақытта әлі бата жасасаңа адамдарға мал сойып та әлек болмайтын еді жұрт. Етін асып қойып, дастарханын жайып күтетін. Өздерін таныстырып, келген шаруаларын айтып, бір шәй ішіп, еттерін жегеннен кейін қош айтысып,

енді құданың ауылынан хабар күтетін. Содан кейінгі уақытта құда жағының келісімін алғасын, салтымыз бойынша барлық жөн-жоралғысымен, бір-екі жеңгесімен қоса күйеу, құда атандыратын. Сөйтіп барып қызды алып қайтатын. Міне біздің кездегі жөн-жосықты білетін, дәстүрден айнымайтын ақ сақалды шалдардың жолы осылай еді. Қазір сол тәртіп-тағлым кетті елден. «Әй дейтін әже, қой дейтін жожа жоқ» деген заманның өзі болды. Сырға саламыз деп бір келеді, сосын той өткесін тойдан сарқыт әкелдік деп мал сойдырып тағы келеді. Содан құдалықты ресторанда өткізіп алады да, есік көрсетеміз, тәтті шәй деп, ел жинап тағы жүреді. Қойшы әйтеуір, бір қыз ұзатудың жыры бір жылға кететін болды қазір. Құлтөбенің басында күнде жиын дегендей, жиын көбейіп кетті. Ерсілі-қарсылы бір жүріс. «Қызы бардың назы бар» дегендей, қазағым қыз баланы жат жұрттық деп ерекше қадірлеп, еркелетіп өсірген. Тіпті қандай қонақ келсе де аталарымыз қыз балаға қолға су да құйдырмаған. Сөйтіп мәпелеп қыз өсіріп отырған үйді қайта-қайта барып тапалап, қадірін кетірмейік ағайын. «Келгенше қонақ ұялады, келгесін үй иесі ұялады» деген. Барамыз деп отырғасын қалай келме десін. Барған сайын мал сойып шабылады, дастарханы өз алдына. Білмеймін, сырға салдырмай-ақ та талай апаларымыз, жеңге-

леріміз үй болып кетіп еді ғой осы. Бұның бір жаман жері, әркім сырғаны жағдайына қарап салады. Тағы бір сорақылығы, «сенің әкешешен маған сырғаның қымбатын салмады, арзаның сырға салды» деп жастардың арасында араздық та тууы мүмкін. Сонда махаббат қайда, өмірді енді бастағалы тұрған балаларымыздың бір-біріне деген аппақ, адал сезімдері қайда қалады? Барлығын дүниәмен өлшемейік, ағайын! Қазіргі тойдан кейінгі үлкен шаруа ол – құдалық болып отыр. Қыздың жасауын дайындау үлкен бір түйткілді мәселеге айналады. Тіпті салмайтындары жоқ, бәсекеlestікті бірінен-бірі асырып кетіп жатыр. Жүкті түсіріп жатқанда қарап тұрсаң, бір үй көшіп келіп жатыр ма деп қаласың. Мейлі дейсің ғой, бар болса сала берсін, бірақ жұрттың барлығы бірдей мәшһәпекті қызметте істеп отырған жоқ қой. Көпшілігі бір-бірінен қалмайын деп банктерден несие алып, қарызға белшесінен батып жатыр. Қаншама бюджеттік мекемелерде жұмыс істейтіндер бар, күнін эзер көріп, жықпа жаныммен отырған отбасылар, тіпті жұмыссыздар көп. Сондықтан ағайындар, қанша бар болғанда да, адамда бір шамашарық болуы керек сияқты. Бір жоба дүниәсы берілсе, ары қарай өздері талпынып, басқа керек жақтарын өздері бірігіп алып кете бермей ме жастар? Өз еңбектерімен тапқан заттары қымбат, ыстық болады адамға. Ағайындар, менің айтайын дегенім ата салтымызды келешек ұрпаққа жеткізу үшін шалдардың жолынан айнымайық. Сырға салу деп емес, құда түсейін деп жатырмыз, қыз айттырайын деп жатырмыз деп, дұрысын айтайық. Балаларыңыз бақытты болсын, келін алып, қыз ұзатыңыздар! Бірақ, бәрі де ата-баба салып кеткен жолмен болса игі!

Н.ҚЫДЫРМУРАТУЛЫ.



«Адалдық алаңы» жобасы аясында

Жыр жазамын жүрегімнен!

«ПАРАСАТ ЖОЛЫ» БҰРЫШЫ АШЫЛДЫ

КӨМЕЙІНДЕ ӨЛЕҢНІҢ ҰЯСЫ БАР

Ақпан айының 19-жұлдызы, жұма күні Приозерск қаласының кітапхана-сында «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» бұрышының ашылуы болып өтті.

қолданылады. Академиялық Ұлттық кітапханада ҚР Мәдениет және спорт министрі Ақбота Райымқұлова мен ҚР Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің төрағасы Алик Шпекбаев ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойды. Меморандумның мақсаты – азаматтық қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл мәселелері бойынша өзара ынтымақ-тастықты нығайту, парасаттылық идеологиясын ілгерілету және кез келген сыбайлас жемқорлық әрекеттеріне мүлдем төзбеушілікті қалыптастыру.



Кітапхананың библиограф маманы Гүлстан Мұқышеваның жүргізуімен өткен аталған бұрыштың ашылу салтанатына арнайы шақырылған қалалық мешіттің ақсақалы Есен Жұбантаев, Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің дін қызметкері Әділқожа Давидұлы Сейтқали, «Нұр Отан» партиясы Приозерск қалалық филиалының кеңесшісі Мадина Серікпаевна Жартыбаева, Приозерск қалалық мәслихат аппаратының бюджет мәселесі бойынша бөлім басшысы Роза Ақылбайқызы Дәнеғұлова, Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлім басшысының орынбасары Жұлдыз Тиштыбайқызы Дулатова, «Приозерск қалалық жастар ресурстық орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің маманы Эльмира Лязатқызы Өтепқалиева, ҚР журналистер Одағының мүшесі, ақын Нұрғали Қыдырмұратұлы Қарабектегі, Қазақ халқының мәдениетін, салт-дәстүрін және әдет-ғұрыптарын дамыту жөніндегі Приозерск қалалық «Атамұра» орталығы қоғамдық бірлестігінің мүшесі Марс Әбуұлы Сүлейменов, Жастар ресурстық орталығының дін маманы Назарбай Юсупұлы Сейсов және «Приозерск қалалық кітапханасы» коммуналдық мекеметтік мекемесінің директоры Павлина Сиязбекқызы Кенжебекова қатысты.

«Парасат жолы» бұрышында адалдық, парасаттылық, ізгілік, даналық, әділдік, қамқорлық, қайырымдылық, сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру, сондай-ақ, мәдениет, әдебиет және руханиятты негізге ала отырып, келелі әңгімелер арқылы қоғамда парасаттылық идеологиясын ілгерілету болып табылады. Ең басты жеңіс, бұл – қоғам көзқарасын, «жемқорлықты жеңе алмаймыз» деген сенімсіздікті сейірту болып табылады. «Адалдық алаңы» жобасы бүгінгі таңда еліміз бойынша үлкен халықтық қозғалысқа айналды. Осы секілді «Antikor Ortalygy» сервистік орталықтарының ашылуы. «Адал көмек» – індет кезінде бірден-бір көмек көрсеткен жоба. Занның күшейтілуі секілді осындай алға ілгерілеушілік жұмыстарымен айналысып, халыққа жеткізуіміз қажет. Осының жалғасы ретінде ашылған «Парасат жолы» жақсы нәтиже береді деген ойдамыз.

Сыбайлас жемқорлықпен күресу, қоғамда сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру мәселелері қазіргі таңда саяси даму тұрғысынан бір-біріне ұқсамайтын әлемдегі барлық елдерге ортақ. Қызмет өкілеттігін теріс пайдалану, билікті немесе қызметтік өкілеттікті асыра пайдалану, пара алу, пара беру, паракорлыққа делдал болу, сеніп тапсырылған бөтен мүлікті иеленіп алу немесе сарапшының жалған қорытындысы, сот актісінің орындалмауы т.б. осындай қылмыстардың барлығы жемқорлық сыбайластық байланыстарды пайдалану арқылы жасалады. Бүгінде Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жалпы мемлекеттік мәртебе берілген, сыбайлас жемқорлықты жою және оның көріністерін болдырмау жөнінде қоғамдық және саяси күштермен бірлесіп, сыбайлас жемқорлыққа қарсы ауқымды науқан жүргізілуде.

«Парасат жолы» бұрышының ашылу салтанатында қатысушылардан Н.К.Қарабектегі, Ә.Д.Сейтқали, Н.Ю.Сейсов және П.С.Кенжебековалар жемқорлыққа қарсы өздерінің ой-пікірлерімен бөлісті. Жиын соңында ауыл ақсақалы, батагөй қарт Е.Жұбантаев сөз сөйлеп, бата берді.

Қазақстанда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекет саясатының басым бағыттарының бірі болып айқындалған. Қазір елімізде сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнама қолданылуда, оның негізі «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» және «Мемлекеттік қызмет туралы» заңдары болып табылады. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің мәнін «сыбайлас жемқорлық» ұғымының мазмұнын, осы этностық әлеуметтік құбылыстың тарихи тұлғамырын түсінбейінше, ұғыну мүмкін емес. Сыбайлас жемқорлық ұғымы қазіргі ғылыми және қоғамдық-саяси әдебиетте кеңінен

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы сананың, тіпті сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениеттің деңгейі тұлға мен қоғамның сыбайлас жемқорлықтың тұрақсыздандыру күшін сезіну дәрежесіне байланысты екенін белгілеуге болады. «Парасат жолы» жобасының негізгі үш тірегі – өзара түсіністік, құрмет пен сенім. Бүгін біздің кітапханамызға келіп, «Адалдық алаңы» жобасы аясында «Парасат жолы» бұрышының ашылуына қатысып, өз ойларыңызбен бөліскендеріңізге үлкен рахмет, дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз!», - деп қортындылады жиынды жүргізуші Гүлстан Мұқышева.

Н.АЛТЫНБАЙҰЛЫ

ТҰҒЫРЫНАН ТАЙМАҒАН ТӘУЕЛСІЗ ЕЛІМ

Кемел келешекке кедергісіз жол бастау үшін кешегі күннің көріністерін ұмытпау – біз үшін парыз һәм міндет! Мінекей, көзді ашып-жұмғанша егемен еліміздің 30 жылдық тарихы артта қалды. Осы жылдар ішіндегі ауыз толтырып айтарлық маңызды шаралар тізбегі әрине көп. Бәрінен маңыздысы – экономикалық, саяси және әлеуметтік реформалардың жүзеге асып, халық жағдайының жақсару жолындағы өркенді істердің жалғасын табуы.

Білім беру саласында да толағай табыстарға жетуіміз - тәуелсіздіктің нәтижесі. Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 30 жылдығын мерекелеу тұжырым-дамасына сәйкес Приозерск қаласының білім беру ошақтарында да мерейтой өз деңгейінде тойланбақ. Басты мақсат - тарихына тағзым ететін, ертеңінен ерекше үміт күттіретін білімді шәкірттердің көп болуы.

Мәртебең асақ, беделің биік болсын, тұңғырынан таймаған тәуелсіз елім!

А.М.Жакупова, Қарағанды облысы білім басқармасының «Приозерск қаласының білім бөлімі» ММ әдіскері



Құрметті газетіміздің оқырмандары! Өздеріңізді жерлес ақындарымызбен таныстыруды жалғастырамыз. Бүгінгі әңгіме Халықаралық жазушылар Одағының мүшесі, «Ұлт мақтанышы» медалінің және «Бейбітшілік әлемі» халықаралық қазақ шығармашылық Бірлестігінің «Әлемнің мейірімді адамы» медалінің иегері, ақын жерлесіміз Игенова Ардақ Қайырқызы туралы болмақ.

Игенова А.Қ. 1961 жылдың 20 ақпанында Қарағанды облысы Ақтоғай ауданы Бірлестік ауылында дүниеге келген. Өмір жолын Гүлшат қонысында ұстаздықтан бастаған. Одан соң Балқаш қаласында шығатын «Балқаш өңірі» газетінде еңбек етіп, кейін 1998 жылы Нұр-Сұлтан қаласына қоныс аударып, жеке кәсіпкерлікпен айналысқан. Бүгінгі таңда зейнеткер. Жан-жары Исабеков Ынтымақ Сағаділдіұлымен қырық жыл қол ұстасқан аулы жар, асыл ана. Жиырма жасында ата-анасынан айырылып, сонынан ерген сегіз бауырына қамқоршы бола білген жанұя. Бүгінгі күні Ардақ Қайырқызы немерелерін өнерге баулып, жас ұрпақтың білімді де өнерлі болуына үлес қосып жүрген ардақты әже. Әжесінің тәрбиесіндегі немерелері көптеген конкурстарда жүздеген атанып, көптің көңілінен шығып жүр. Ал ақын әжеңіз өлеңдері Қазақстанда ғана емес, көрші Қырғыз елінде де өз оқырманын тауып, кең таралып кеткен.

Сіздердің назарларыңызға ақынның

елін жоңғар шапқыншыларынан қорғаған Сарым Жалаңтөс (Соқыр) батырға арнаған өлеңін тарту етуді жөн көрдік. Сөз реті келгенде Сарым Жалаңтөс (Соқыр) батырдың Қарағанды қаласының шығысында, қалалық әуежайға баратын жолдың бойында жерленгенін, соғыс кезінде көзіне қадаланған жебенің оғын өз қолымен суырып алып тастап, көзін таңып алып, ұрысты жалғастырғанын, сол себепті «Соқыр» батыр атанғанын, сол жердегі өзен батырдың атымен «Соқыр» деп аталатынын айта кетуді жөн көрдік.

САРЫМ ЖАЛАНТӨС (СОҚЫР) БАТЫР

Жауға шабар ер боп туған киелім, Ақ нығы арғынның сен дүрі едің! Қаһарланса ызбар есіп жүзінен, Қас жауының дірілдеткен жүрегін!

Батыр баба алғыр алмас жігерлім, Жерді қорғап қайсарлық пен түледің! Қарсы шығып анталаған жауына, Тапталпаған ар намысын ұлы елдің!

Дара бозым, нар тұлғалы тарланым, Жауларыңды жолбарыстай қармадың!

Қанды балақ, қалың қалмақ шошыпты, Көргенінде көк түріктің арланын!

Есімі ерен, ел ішінде жасарған, Орта жүздің ерен ұлы қаһарман! Тау қопарып, тас шайнаған тайсалмай, Қалқан етіп төсін жауға тоса алған!

Ұлы ұлан ұмытылмас қыраным, Бүгінгі ұрпақ арнар оған жыр-әнін. Ол өйткені пида етті ел үшін, Өзін, жанын, маңдайдағы шырағын!

Қайталаған ата-баба ерлігін, Өр жалаңтөс аңыз батыр ер бүгін! Ол аңсаған күнге жетті қазағым, Тұғыры биік көк байрақты ел бүгін!

Бегазы Алшынбекұлы, суретте Игенова А.Қ., сурет отбасы мұрағатынан алынған

Рухани жаңғыру аясында

ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ – БЕСІГІНДІ ТҮЗЕ

Осы мақаланы жазуды қолға алуыма бұдан 4 жыл бұрынғы Наурыз мейрамы күні киіз үйлер байқауына қазылық етуім, сол жердегі бір мекеменің киіз үйінің сыртына қойылған бесікті көруім және сол жылы Қазақстан ұлттық арнасындағы «Айтпауға оңай» бағдарламасынан көрсетілген бесік туралы бағдарлама түрткі болды. Бұл жайында газет оқырмандары да ой бөлісіп, ақыл-кеңестерін қосуларын өтінеміз. Себебі аталған мәселе – ұрпақ қамына тікелей қатысты.

Өз басым және отбасымдағы барлық бала бесікте өстік. Немерелерім де бесікпен қатаюда. Осыдан 38 жыл бұрын тұңғыш ұлыма алынған бесіктен қазір ұрпақтарым өніп-өсуде. Дүмше дәрігерлердің жұртқа бесікті теріс насихаттап, оның бала денсаулығына зияндылығын дәріптеп жүргенінен бәріміз хабардармыз. Бесіктің керісінше баланың дұрыс өсіп-жетілуіне өте пайдалы екендігін дені дұрыс, санасы сау адам жақсы білсе керекті. Сан ғасырлар бойы ата-бабамыз ұстап-тұтынған, ханыңнан бастап, батыр-бағлан, дана-билерің, қарашаңа дейін осы бесіктен өрбігенін және олардың қандай адамдар болып өскеніне тарих куә, біз бен сіз куә. Бесікке деген шабуыл кеңес дәуірінде басталып, қазақ халқының құрып кетуіне жасалған бірнеше әрекеттің бұл да бір түрі екенін қаперде ұстауға тиіспіз. М.Әуезов: «Ел боламын десең бесігінді түзе» десе, Қадыр Мырза Әлі: «Нағыз қазақтың үйінде бесік пен домбыра болуы тиіс» дейді. Жалпы бесік туралы қазақтың талай даналары мен

абыздары, ақын-шайырлары өшпес сөз қалдырған. Наурыз күні киіз үй байқауында бесікті далаға қойған мекеменің қызметкерлеріне қазылар тарапынан бұның ұрпаққа теріс бағыт беретінін, келенсіз нышан, жаман ырым екендігін ескертілген болатын. Бесіктің біздің өмірімізге енуі тым әріден басталады һәм бұл жайлы аңыз бар. Аңыздың айтуынша, ең алғашқы бесік Жетісу мен Алтайдың маңын мекен еткен Айдархан бидің кезінде пайда болған деседі. Айдархан бидің әкесі айналасына белгілі Мизам баба қазақ даласына ағаш отырғызумен, орманды көбейтіп, көркейтуден айналысады. Елі сыйлаған Мизам баба 150 жыл өмір сүріпті. Еккен көшет-талдардан үлкен бау-бақшалар өсіп шығыпты. Мизам бабаның бақиға сапар шеккенінен хабардар болған қытайлар, бақилық бабаның еңбегін қызғанышпен өртеп жіберіпті. Сол сәтте Мизам бабаның баласы Айдархан би алыс ауылға сапар шегіп кеткен екен. Би түсінде әкесін көреді. Бір сұмдықтың болғанын сезген ол аттың басын елге бұрады. Ауылға асығыс жетіп, ну орманның орнында шөл далаға айналған ауылын көріп қатты қапа болады.

Арадан жылдар өтеді... Айдархан би үйленіп, тұңғышы дүниеге келеді. Сәби туыла сала тоқтаусыз жылай беретін болыпты. Сәбиге атырапқа аты шыққан емшілер де көмектесе алмайды. Бір күні бала жылауын аяқастынан тоқтатады. Әкесі қуанып кетіп, жүгіріп үйге кірсе, оны ақ шапан киген бір қария өртеген аман

(соңы 3 бет.)

С юбилеем, любимая школа!

ШКОЛА — ЭТО УДИВИТЕЛЬНЫЙ ДОМ!

Юбилей школы! Юбилей — это событие, которое не проходит незамеченным в жизни каждого. Юбилей бывают маленькие и большие, это всегда итог прожитого отрезка времени человека. А вот юбилей школы — это праздник для всех, кто когда-то был её учеником или учителем, а также родителями, чьи дети учились в ней.



А если это 60-летний юбилей, то это событие для многих поколений. В этом году наша школа, школа № 2 г. Приозерск, 15-го апреля отмечает именно такое событие. Свой юбилей школа будет праздновать в рамках государственной программы «Рухани жаңғыру».

Юбилей школы! Это очень важная дата. Она говорит о том, что пройден путь длиной в шесть десятилетий, вложен огромный труд нескольких поколений учителей, выпущены из стен школы тысячи учеников. 60 лет! Это много или мало, завершение пути или начало новой дороги? Одно знаем точно: это годы труда, радость побед, череда поколений, красивые и добрые традиции, бережно хранимые и передаваемые из поколения в поколение. И многие из вас, я уверена, не готовы поверить, что школе № 2 уже 60 лет! Продолжу мысль известного мудреца: мне кажется, что школа как мудрая женщина: с каждым годом она становится только краше и моложе! Выпускники, которые, вырхнувшись из родного гнезда, принесли славу школе, которые выросли в стенах школы и заняли высокие посты, родители, которые искренне благодарны нашему образовательному учреждению, — это и есть ее настоящее богатство, ее красота.

Хочется подчеркнуть, что очень знаменательно праздновать юбилейный день рождения в год 30-летия Независимости Республики Казахстан и 65-летия города Приозерск. Годы летят. На наших глазах

меняется страна, меняется и школа. Достижения современного образования — это плоды независимого государства. Президент страны нацеливает нас на сохранение исторического наследия, осознания целостности и нерушимости нашего государства, которое создали и отстояли наши предки. И сегодня от каждого из нас требуется вносить посильный вклад в его дальнейшее

развитие.

Что же представляет собой школа сегодня? Это высокопрофессиональный педагогический коллектив, способный решать практически любую задачу, творческий, активный, открытый к поиску. На протяжении многих лет он остается стабильным в своем составе. Это команда единомышленников, где преобладают отношения партнерского сотрудничества, уважения, доверия, а атмосфера успеха стала нормой жизни! Это славные традиции и великолепные праздники. И, конечно же, это наши ученики, мотивированные на высокие учебные результаты. Те, кто учится сейчас, и те, кто продолжает обучение в других учебных заведениях, кто уже работает, но всегда высоко держит планку выпускника родной школы, школы № 2. Наши дети отзывчивые, добрые, увлеченные, способные, иногда озорные, но все равно самые лучшие. У них самые разные интересы: поют, танцуют, увлекаются спортом, занимаются военно-прикладным спортом.

За своё существования учащиеся школы принесли очень много побед школе. Учащиеся школы: Ергешев Абдукарим, Алибай Асель, Кузнецов Владимир, Мосенко Иван, Султан Досымжан стали призёрами областных и республиканских олимпиад. В 2020 году военно-патриотический клуб «Сағадат», завоевал «ГРАН ПРИ» в республиканском сборе «Айбын - 2020».

60 лет — короткий исторический миг, а для школы-имениницы — это долгий путь становления, развития, модернизации, которой присущи неисчислимые тернии и удачи, новаторские поиски и результативность, вследствие чего — достойное признание профессионального мастерства педагогов, освоивших современные тенденции образования. За 60 лет существования школы традиционными стали Дни знаний, Уроки мужества, проведение концертов ко Дню Независимости и 8 марта, День рождения школы, линейки, посвященные последнему звонку. Педагогический коллектив убежден, что сила школы — в верности традициям, в сохранении атмосферы сотворчества педагогов, учащихся и родителей. Традиции придают школе то особое, неповторимое, что отличает её от других. Каждый день школьный коллектив создаёт историю образовательного учреждения. Отличительная черта нашего коллектива — целеустремленность!

Школа — это удивительный дом! Здесь всё перемешалось: детство и зрелость, юность и романтика, наука и искусство, мечты и реальная жизнь. В этом доме радость и слёзы, встречи и расставания. Наша школа — это действительно родной дом, куда приятно возвращаться, где тебя любят, ждут и помнят. Пусть славными будут дороги, которыми уходят из школы в большую жизнь наши ученики! Пусть славными делами прославят они имя школы!

Современная жизнь требует создания новой школы, нового ученика, нового учителя. Школа № 2 соответствует этим критериям благодаря поиску новых форм и методов обучения, творческому подходу к работе и учительскому мастерству. Хочется верить, что у школы не только славное прошлое, хорошее настоящее, но и прекрасное будущее!

Мы поздравляем с юбилеем всех выпускников, родителей, учащихся нашей школы, всех, кто имеет к ней отношение.



Нашей школе есть чем гордиться: за все годы она дала путёвку в жизнь тысячам юношей и девушек. Врачи, педагоги, инженеры, строители, юристы, экономисты, военные. Нам очень приятно, что школу помнят и любят, что среди жителей нашего города многие закончили школу №2, и вместе с нами они гордятся своей школой, радуются ее успехам и с трепетом вспоминают свои школьные годы.

Приятно, когда выросшие бывшие ученики приводят в школу своих детей. Сегодня в школе учится уже шестое поколение наших выпускников. Это ли не пример человеческого доверия и достойной оценки труда педагогов и работы школы?!

Желаем всем здоровья, удачи, счастья.

**Мы сегодня большая семья.
Юбилей нашей школы встречаем.
Так давайте же скажем, друзья!
Школа, мы тебя поздравляем!**

Счастливых дней тебе, родная школа, успехов и процветания! С ЮБИЛЕЕМ!!! Новых свершений и добрых начинаний тебе, любимая школа!

**Кузнецова Ольга Александровна
Заместитель директора по ВР КГУ
«ОШ№2» отдела образования
города Приозерск
управления образования Карагандинской
области**

ЕЛ БОЛАМ ДЕСЕҢ – БЕСІГІҢДІ ТҮЗЕ

(соңы басы 2 бет.)

қалған сынық бұтақтарға жатқызып, баланы тербетіп отырғанын көреді. Айдархан би жақын келгенде, ақсақал ғайып болады. Осы ағаш бұтағымен Айдархан қазіргі «бесік» деп аталған бұйымды жасайды. Осылайша, бесік көшпелі қазақ халқының ажырамастай мұрасына айналады. Қазақтың киіз үйін баспана қылған қазақта бесіктің «желбесік» деп аталатын түрін екінің бірі біле бермейді. Ол жазғы ыстық маусымда бала ыстықтамай, ыңғайлы жатсын деген мақсатпен арқанды қарама-қарсы керегелерден тарту арқылы, көрпешені көмкеріп, бас-аяғы ағашпен керіліп жасалады. Оны бір тербетіп жіберсең, біраз уақытқа дейін тербеліп тұратындығымен де қолайлы.

Бесіктің құрылымы алып жүруге жеңіл, ықшам және қатты ағаштан берік етіп жасалады. Ол баланың таза жатуына көмектеседі. Себебі арнайы қойылатын түбек пен шүмек баланың кіші дәретін жаймай, таза және ұзақ ұйықтауына сеп болады. Бұл үй шаруасымен айналысып жүретін анаға қалай қолайлы болса, көшіп-қонып жүргенде бала денінің сау болып



өсуіне тиімді. Баланың қолын уақытмен бостып қойып, уақтылы шешіп алып отырудың маңызы зор. Бесіктің жабық-тары – түбек, шүмек, көрпеше, жастық, жөргек, жаялық, қолбау, тізебау, тізе жастық, екі тартпасы. Бала адамға қарай бастаған шақта бел ағашына түрлі ойын-шықтар ілініп, сәбидің ойнауына, санасының жетілуіне жағдай жасалады. Ата-бабамыз бесікті қасиетті, құтты мүлік деп санаған. Бос бесікті тербетпеген, екі адам қатар тербетпеген, далаға шығарып қоймаған. Баланы бөлер кезде тұзбен не отпен аластап отырған. Мұны бабамыз Төле бидің мына бір әңгімесінен байқауға болады: Жоңғарлар шапқыншылығынан тоз-тоз болған ел таулы жаққа қарай босып, көшіп келе жатқанда, екіқабат жас келіншек бос бесікті арқалап бара жатқан көрінеді. Сонда Төле бимен қатар келе жатқан кісі: «Мына бейшараның көрпе-жастығын тастап, бос бесікті арқалап келе жатқаны-ай», – дегенде, Төле би: «Баланың бесігі –

кең дүниенің есігі ғой», – деген екен.

Бесік жайында сөз болғасын, баланы бесікке салу рәсім-ырымы жайлы баяндай кетейік. Өйткені ата-бабамыздан қалған қайбір дәстүрді алып қарасаң да, белгілі бір маңызы әрі пайдасы бар. Бесікке салу рәсіміне ауыл-үйдің әйелдері шақырылады, олар өздерінің шашуға деген заттарын ала келеді. Ал бесікке салу жолы ауылдағы ұлын ұяға, қызын қияға қондырған, өнегелі әжелерге, әйелдерге тапсырылады. Бір-екі келіншек бесікті жақсылап жабықтаған соң, алдымен бесікті отпен аластап алады, сосын «тыштырма» жасайды (бесіктің түбек салынатын тесігінен балаларға тәтті үлестіріп беру осылай аталады). Бұдан соң нәрестені айнала отырып, бесікке бөлеп, оның үстіне, баланы әруақтар қорғап жүрсін деп, ата-бабадан қалған сырт киім, ел тізгінін ұстар азамат болсын деп, аттың тізгінін, ел арасында айбынды болсын деп, қамшы қояды. Осындай ырыммен ұл баланың жастығының астына пышақ, ұсталық аспаптар, қыз балаға қыздар пайдаланатын заттар қойылады. Қорыта айтарымыз, бесікті ұлттық құндылығымыз үшін ғана емес, оның сәби және анасы үшін де аса қолайлы және пайдалы екендігін естен шығармасак екен, ағайын!

**Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
ҚР ЖО мұшесі, ақын**

Қайырымды істер марафоны

Марафон добрых дел

18 НАУРЫЗ – “ИГІ ІСТЕР КҮНІ”

18 МАРТА – “ДЕНЬ ДОБРЫХ ДЕЛ”



«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесі «Қайырымды істер марафоны» жалпы ұлттық жобасы аясында туберкулезбен ауыратын 9 адамға және онкологиялық аурумен ауыратын 40 адамға 5000 теңге көлемінде материалдық көмек көрсетті, кө-

мектің жалпы сомасы 245000 теңгені құрады.

Сондай-ақ, жыл басынан «Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» ММ-де пайдаланылған заттарды жинау пункті жұмыс істейді, 2021 жылдың өткен кезеңінде туберкулезбен ауыратындар 4 адамға пайдаланылған заттар берілді.

А. Литош,

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сектор меңгерушісі

ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск», в рамках общенационального проекта «Марафон добрых дел», оказана материальная помощь 9-ти людям больным туберкулезом и 40-ка людям больным онкологией в размере 5000 тенге, на общую сумму 245 000 тенге.

Также, с начала года, работает пункт приема бывших в употреблении вещей и за истекший период 2021 года б/у вещами обеспечено 4 чел. больных туберкулезом.

А. Литош,

заведующий сектором ГУ «Отдел занятости и социальных программ города Приозерск»



ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

ХАБАРЛАНДЫРУ *** ОБЪЯВЛЕНИЯ

О ЛИКВИДАЦИИ ПРЕДПРИЯТИЯ

сообщает ТОО «СФЕРА-К»
Претензии принимаются в течении 2-х месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Приозёрск ул.Балхашская, д.4, по телефону 8 708 168 71 37, (по согласованию).

НЕДВИЖИМОСТЬ
ПРОДАЮ ДОМ

Цена – 9 000 000 тенге. Возможен торг. г. Караганда, (город, пр.Кольцевой), 3 комн. - 120 м2. Ванна, центральная канализация, отопление на твердом топливе. Огород 6 сот., сарай, гараж, хоз.постройки. Тел.: 87070343737, (87212)44-30-35

ПРОДАЕТСЯ

Два отдельных помещения, состоящие из 3 и 4-х комнат, коммерческого назначения, по адресу ул.Космонавтов, д.5, №106 и 107. Первый этаж, смежные, последний подъезд. Цена договорная. Контактный телефон 87026040260.

ПАРИКМАХЕРСКАЯ

«МИЛОЛИКА»

Предлагает услуги по мужской и женской стрижкам.

Ждем Вас по адресу: ул. Космонавтов, 5-107

Время работы: с 10.00 час. до 19.00час.
Выходной - Понедельник

Прием осуществляется строго по предварительной записи по телефону: 8-775-274-25-87 (Англий)

Парикмахерская
Милолика

Ваша красота -
Наша работа!

СТРИЖКИ - УКЛАДКИ
МАНИКЮР (АКРИЛ, ГЕЛЬ)
ПЕДИКЮР

СЕНІМ ТЕЛЕФОНДАРЫ

ТЕЛЕФОНЫ ДОВЕРИЯ

“Приозерск қалалық мәслихатының аппараты” мемлекеттік мекемесі сенім телефоны 5-49-16

Мәслихат хатшысы азаматтарды жеке мәселелері бойынша күн сайын, демалыс күндерінен басқа, сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін қабылдайды.

Телефон доверия ГУ “Аппарат Приозерского городского маслихата” 5-49-16

Секретарь городского маслихата принимает граждан по личным вопросам ежедневно с 17.00 по 18.00 часов, кроме выходных

“Приозерск қаласы әкім аппараты” ММ сенім телефоны 5-41-53

Азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: Қала әкімі - әр аптаның дүйсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (коммуналдық сала) - әр аптаның сейсенбі күні сағат 17.00 ден бастап. Әкім орынбасары (әлеуметтік сала) - әр аптаның сәрсенбі күні сағат 17.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ “Аппарат Акима города Приозерск” 5-41-53

График приема граждан: Аким города - еженедельно по понедельникам с 17.00 часов Заместитель Акима (коммунальная сфера) - еженедельно по вторникам с 17.00 часов Заместитель Акима (социальная сфера) - еженедельно по средам с 17.00 часов.

«Приозерск қаласының ветеринария бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефонының нөмірі: (871039)5-32-45

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - Әр аптаның дүйсенбі-бейсенбісі сағат 16.00 ден бастап 18.00 дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел ветеринарии города Приозерск», (871039)5-32-45

График приема граждан руководителем отдела – Еженедельно понедельник- четверг с 16.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-30-82

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - сейсенбі, бейсенбі күндері сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін

Телефон доверия ГУ «Отдел внутренней политики, культуры и развития языков города Приозерск» 5-30-82

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – по вторникам и четвергам с 17.00 до 18.00 часов

“Приозерск қаласының тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жөлаушыларкөлігі және автомобиль жолдары бөлімі” ММ сенім телефоны 5-28-57

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ “Отдел жилищно - коммунального хозяйства, пассажирского транспорта, автомобильных дорог и жилищной инспекции города Приозерск” 5-28-57

График приема граждан руководителем отдела ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

«Приозерск қаласының жер қатынастары, сәулет және қала

құрылысы бөлімі» ММ сенім телефоны: 5-32-48

Телефон доверия ГУ «Отдел земельных отношений, архитектуры и градостроительства города Приозерск»: 5-32-48

«Приозерск қаласының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі» мемлекеттік мекемесінің сенім телефоны 5-48-77.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00-ден 18.00-ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел занятости и социальных программ г. Приозерск»: 5-48-77.

График приема граждан по личным вопросам руководителя отдела – ежедневно с 17.00 до 18.00 часов.

“Приозерск қаласының білім бөлімі” ММ сенім телефоны: 5-32-92
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты сәрсенбі күні: 16.00 ден 18.00-ге дейін

Телефон доверия ГУ “Отдел образования города Приозерск” 5-32-92
График приема граждан руководителем отдела вторник: с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының кәсіпкерлік және ауыл шаруашылығы бөлімі» ММ сенім телефоны 5-32-99

Бөлім басшысының азаматтарды қабылдау кестесі - сәрсенбі сағат 17.00ден 18.00ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел предпринимательства и сельского хозяйства города Приозерск» 5-32-99

График приема граждан руководителем отдела - среда с 17.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының құрылыс бөлімі» ММ сенім телефоны 5-20-17, 5-32-18.

Бөлімнің басшысының азаматтарды қабылдау кестесі – дүйсенбі – жұма сағат 16.00 ден 18.00 ге дейін.

Телефон доверия ГУ «Отдел строительства города Приозерск» 5-20-17, 5-32-18.

График приема граждан руководителем отдела - понедельник – пятница с 16.00 до 18.00 часов

«Приозерск қаласының дене шынықтыру және спорт бөлімі» ММ – нін сенім телефоны 5-29-62.

Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты: сәрсенбі күні: 17.00 ден және жұма күні: 18.00 ден бастап

Телефон доверия ГУ «Отдела физической культуры и спорта города Приозерск» 5-29-62.

Личный прием граждан руководителем отдела: среда с 17.00, Пятница с 18.00 час.

“Приозерск қаласының экономика және қаржы бөлімі” РММ сенім телефоны: 5-32-19, 5-24-87
Бөлім басшысының азаматтарды жеке сұрақтарымен қабылдау уақыты - күн сайын сағат 17.00ден бастап.

Телефон доверия ГУ “Отдел экономики и финансов города Приозерск” 5-32-19, 5-24-87

График приема граждан руководителем отдела - ежедневно, с 17.00 часов.

Собственник: ИП Струментов А.В.

Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.

Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5, 106-107

Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор),

+7-702-604-02-60 (тех. редактор)

E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz

Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сагпаева 15,

Заказ № 12/708. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л.,

формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.

Технический редактор: Струментов А.В.

Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63

Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.

Подписной индекс - 65041